



КӘСІБІН ДӨНГЕЛЕТКЕН  
КӨПБАЛАЛЫ АНА

4-БЕТ | ҚАЛА МЕН САЛА



ЖОЛАУШЫ ТАСЫМАЛЫ  
ЖАЙЛЫ МА?

5-БЕТ | МӘСЕЛЕ



АТЫҢНАН АЙНАЛАЙЫН,  
ҚАРҚАРАЛЫ

6-БЕТ | ТУРИЗМ

“”

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,  
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

Көпжақты ықпалдастықтың берік экономикалық базасын құру да өзекті мәселе болып отыр. Кейінгі жылдары бұл бағытта едәуір жетістіктер бар. Соңғы 5 жылда Қазақстан мен Орталық Азия елдері арасындағы тауар айналымы 42 пайызға артып, 6,3 миллиард долларға жетті. Өзара сауданы кеңейту үшін зор мүмкіндіктер бар екенін ескере отырып, болашақта біз бұл көрсеткішті 15 миллиард долларға дейін жеткізбекпіз.

№86  
(4364)  
Сенбі  
23 шілде  
2022 жыл



# ASTANA



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

А Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



ELORDA.INFO

**НҰР-СҰЛТАНДА  
23 ШІЛДЕДЕН БАСТАП  
ЖАҢА ШЕКТЕУЛЕР  
ЕНГІЗІЛЕДІ**

**АДАМ КӨП ЖИНАЛАТЫН  
ОРЫНДАРДА:**

- сауда ойын-сауық орталықтарында;
- сауда үйлерінде;
- жабық базарда;
- концерт залдарында;
- театрларда;
- кинотеатрларда;
- стадиондарда;
- спорт ғимараттарында;

! қоғамдық көлікте маска тағу ұсынылады

Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаменті халықты адам көп жиналатын орындарға бармауға, шектеу шараларын сақтауға шақырады

## ЕЛОРДА – «САРЫ» АЙМАҚТА

Нұр-Сұлтан «Омикрон» және «Стелс-Омикрон» коронавирусы штамдарына байланысты «сары» аймаққа өтті.

Осы жағдайға байланысты Нұр-Сұлтан қаласының Бас мемлекеттік санитарлық дәрігері бірқатар шектеу шараларын қабылдады.

Елордалық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаменті барлық адамдарды еш себепсіз адам көп жиналатын орындарға бармауға, шектеу шараларын сақтауға шақырады. «Вакцинация және ревакци-

нация инфекциядан қорғанудың жалғыз әдісі болып қала береді. Сондықтан біз вакцинация мен ревакцинациядан өту арқылы ғана індеттің таралуына қарсы тұра аламыз. Коронавирусқа қарсы екпе алыңыз! Өзіңіздің денсаулығыңызды, жақындарыңыздың денсаулығын қатерге тікпеңіз!» деді елорданың Бас санитарлық дәрігері Сархат Бейсенова.

ELORDA.INFO САУАЛНАМАСЫ

**БАЛАЛАРЫҢЫЗ ЖАЗҒЫ ДЕМАЛЫСЫН  
ҚАЙДА ӨТКІЗІП ЖАТЫР?**

|     |                                 |
|-----|---------------------------------|
| 4%  | Мектеп лагерлерінде             |
| 31% | Ауылда, туыстарының жанында     |
| 8%  | Олар шетелде демалып жатыр      |
| 57% | Жаз бойы олар үйде болады       |
| 0%  | Өз жауап нұсқаңыз (комментарий) |

Elorda.info ақпараттық порталы жүргізген сауалнама нәтижесі.

**«ASTANA  
AQSHAMY»  
ГАЗЕТИНЕ ЖАЗЫЛУ  
ЖҮРІП ЖАТЫР**



2022 ЖЫЛҒЫ  
11 СӘУІРДЕН  
БАСТАП ЕЛОРДАДА  
ҮЙЛЕРДІ  
ГАЗҒА ҚОСУҒА  
ӘЛЕУМЕТТІК  
КӨМЕК МӨЛ-  
ШЕРІ 400 000  
ТЕҢГЕДЕН  
АСТЫ.



ЖЭО-1 және ЖЭО-2-нің  
13 су жылыту қазандығы  
газға ауыстырылды



2020 жылғы жағдай бойынша 6 мың үй газға қол жеткізсе, 2021 жылы 14 мыңнан астам үй, оның ішінде 1800 отбасы, ал биыл 3,6 мыңнан астам отбасы газбен жабдықтауға қосылды

## ГАЗДАНДЫРУ: ТҰРҒЫНДАР ТҰРМЫСЫ ТҮЗЕЛДІ

Елорданы газдандыру – қала тұрғындарының өмір сүру жағдайын жеңілдетуге бағытталған ауқымды жобалардың бірі. Оны жүзеге асыру барысы – Мемлекет басшысының бақылауында. Бас қаланы газдандыру жобасы 2023 жылға дейін үш кезеңге бөлінген. Бүгінгі таңда 680 шақырымнан астам газ тарату желілері салынып болды. Оның басым бөлігі бюджет қаржысы және қалған 100 шақырымнан астамы «ҚазТрансГазАймақ» АҚ есебінен тартылды.

4

5 584

ЕЛОРДА ТҰРҒЫНЫ «ХАЛЫҚТЫ  
ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ ОРТАЛЫҒЫ»  
МЕКЕМЕСІ АРҚЫЛЫ ЖЫЛ БАСЫНАН  
БЕРІ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТЫЛДЫ

2 804

АДАМ  
ТҰРАҚТЫ  
ЖҰМЫСҚА  
ОРНАЛАСТЫ.

ВАЛЮТА  
БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 491.89 \$ USD/KZT 480.36 ₸ RUB/KZT 8.69 ¥ CNY/KZT 71.26

@NurSultanNewsBot | t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz





## Өңірлік ынтымақтастықтың жаңа белесі

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Орталық Азия мемлекеттері басшыларының консультативтік кездесуіне қатысты. Президент Консультативтік кездесулердің халықаралық саясаттың маңызды факторына айналғанын атап өтіп, оның мемлекет басшыларына аймақтың одан әрі даму бағытын өзара сенімге негізделген рухта айқындауға мүмкіндік беретініне тоқталды.

Оның айтуынша, құбылмалы геосаяси және әлемдік экономиканың тұрақсыздығы жағдайында өткен кездесу Орталық Азия елдерінің ынтымағы берік екенін көрсетеді. Сондай-ақ жаңа сын-қатерлер мен қауіптерге бірлесіп қарсы тұруға деген ортақ ұмтылысымызды білдіреді.

«Біздің қатынастарымыздың ерекше сипаты Орталық Азияны ХХІ ғасырда дамытуды көздейтін достық, тату көршілік және ынтымақтастық туралы бүгін қабылданатын шартта бекітілген. Бұл құжат мазмұны мен тарихи перспективасы тұрғысынан бірегей саналады. Оған елдеріміз арасындағы мемлекетаралық дипломатиялық қатынастардың 30 жылдығында қол қойылуының символдық мәні бар. Бұл тарихи құжат бестажты стратегиялық серіктестігіміздің жаңа кезеңіне қадам басқанымызды білдіреді» деп атап өтті Қазақстан Президенті.

Қауіпсіздік және дипломатия саласындағы өзара іс-қимылдарды нығайту күн тәртібіндегі негізгі мәселе ретінде аталды. Президенттің айтуынша, Орталық Азия орнықты әлеуметтік-экономикалық дамудың, жан-жақты ынтымақтастықтың, бейбітшілік пен өркендеудің кең аймағына айналуда тиіс.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың пікірінше, мемлекеттер басшылары өңірдегі әлі де сақталып отырған тұрақсыздық факторларын барынша жою үшін барлық мүмкіндікті жасауы керек. «Мемлекетаралық шекаралардағы әрбір мылтық даусының жаңғырығы екі елге ғана емес, бүкіл өңірге жағымсыз әсер етеді. Керісінше, дәл қазіргі дағдарыс жағдайында мемлекеттеріміз қайшылықтарды еңсеру ісінде өркениеттіліктің, жауап-

тылықтың үлгісін көрсетуге тиіс. Шекараны заңды түрде рәсімдеу үдерісінің өте күрделі әрі қиын екенін өз тәжірибемізден білеміз. Даулы мәселелер шынайы тату көршілік пен халықаралық құқықтың іргелі қағидаттарына құрмет көрсету арқылы тек қана бейбіт жолмен шешілуі мүмкін. Мұның басқа жолы жоқ» деді Президент. Оның айтуынша, Қазақстан посткеңестік кеңістікте өзінің шекарасын толық делимитация жасаған жалғыз мемлекет ретінде өзара тиімді шешімдер іздестіруге барынша көмектесуге дайын.

Мемлекет басшысы көпжақты ықпалдастықтың берік экономикалық базасын қалыптастыру өзекті міндет болып қала беретініне назар аударды. – Соңғы 5 жылда Қазақстан мен Орталық Азия елдері арасындағы тауар айналымы 42 пайызға артып, 6,3 миллиард долларға жетті. Өзара сауда-саттықты кеңейту үшін зор мүмкіндіктер бар екенін ескере отырып, алдағы уақытта бұл көрсеткішті 15 миллиард долларға дейін жеткізуге ниетіміз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Қазақстан Президенті экономикалық әлеуетті және тиімді географиялық орналасудың артықшылығын толық пайдалану үшін құрылымдық және инфрақұрылымдық шектеулерді жоюды көздейтін өзара тығыз ықпалдастықты жолға қоюдың маңызды екеніне назар аударды.

Мемлекет басшысы аймақтың транспорттық байланысын арттыру және транзит шарттарын біртіндеп жақсарту қажет деп санайды. Сондай-ақ Президент ғылым және білім саласындағы ықпалдастықты кеңейтуге шақырды. «Бүгінгі Саммиттің қорытындысы Орталық Азиядағы бейбітшілік,

қауіпсіздік және өркендеу үшін аймақтық кооперацияны дамытудың жаңа кезеңі болады деп санаймын. Қазақта «Татулық – таусылмас бақыт» деген даналық бар. Уақыт сынына төтеп берген тығыз әрі сенімді қарым-қатынасымыз, ортақ тарихи және рухани тамырымыз елдеріміз арасындағы достығымыздың сарқылмас көзі болатынына сенемін» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сонымен қатар Консультативтік кездесуде Қырғыз Республикасының Президенті Садыр Жапаров, Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмон, Түрікменстан Президенті Сердар Бердімұхамедов, Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев сөз сөйледі.

Кездесу қорытындысы бойынша Орталық Азия мемлекеттері басшыларының Консультативтік кездесуінің бірлескен мәлімдемесі, Өңірлік ынтымақтастықты дамытудың 2022-2024 жылдарға арналған жол картасы, Орталық Азия мемлекеттерінің көпжақты форматтар аясындағы өзара іс-қимылдар тұжырымдамасы, Орталық Азияға арналған «Жасыл күн тәртібі» аймақтық бағдарламасы қабылданды.

Бұдан бөлек, Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы, Тәжікстан Республикасы, Түрікменстан және Өзбекстан Республикасы арасындағы Орталық Азияны ХХІ ғасырда дамытуды көздейтін достық, тату көршілік және ынтымақтастық туралы шарт келісілді және оған қол қою рәсімі өтті.

Сонымен қатар Аралды құтқару халықаралық қорының құрылтайшы мемлекеттері басшыларының Аралды құтқару халықаралық қоры президентінің өкілеттіктерін ұзарту туралы шешімге қол қойылды.

## ӘЛЕУМЕТТІК КӘСІПКЕРЛІК ДАМИДЫ

Елімізде денсаулығына байланысты жұмысқа тұруға мүмкіндігі жоқ адамдардың әл-ауқатын жақсартуға арналған әлеуметтік жобалар жүзеге асырылуда. Кеше ҚР Премьер-министрінің орынбасары Ерлы Тоғжанов елордада сондай жобалар бойынша нысандарды аралап, қоғамда өз еңбегімен орнын табуға ұмтылып жүрген ерекше жандардың жұмысымен танысты.

Райхан  
РАХМЕТОВА

Вице-министрдің жұмыс кездесуіне мемлекеттік органдар өкілдерімен қатар Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің орынбасары Ерлан Бекмұрзаев қатысты.

түрде қолдау көрсету керек. Премьер-министрдің орынбасары орталықтың жұмысында кездесетін қиындықтар мен кедергілер туралы сұрап, оларды мемлекеттік органдармен бірге қысқа мерзімде шешуді қала әкімдігі өкілдеріне тапсырды. – Өткен жылы әлеумет-

Сондықтан бұл бағдарлама ең алдымен, көмекке мұқтаж жандарға жаңа мүмкіндіктер береді. Тек қаржы бөліп қана қоймай, көмек алушылардың әлеуметтік мәртебесін өзгерту, жұмыспен қамтудың түрлі салаларына тарту арқылы материалдық жағдайын жақ-



Вице-премьер алдымен «Мейірім» көпсалалы медициналық орталығына барды. Орталық ел өңірлерін бейнеконференция арқылы біріктіретін телемедицина кабинетінің қызметімен ерекшеленеді. Соның арқасында шалғай ауылдар тұрғындары сапалы медициналық көмекке қол жеткізе, өңірлердегі дәрігерлер тәжірибе алмасуға мүмкіндік алады. Е.Тоғжанов бастапқы медициналық санитарлық көмек көрсету бойынша жұмыс істейтін медициналық орталықтар қызметінің маңызын жоғары бағалады.

Әрі қарай ол «ДОС тәуелсіз өмір» кәсіпкерлік орталығын аралады. Бұл орталықта мүмкіндігі шектеулі жандардың қалыпты өмірге оралуына және азаматтық қоғамға кіругіне барлық жағдай жасалды. Нысанда еңбек ететін 28 адамның 17-сі – мүмкіндігі шектеулі жандар. Орталық өкілдері оңалту техникаларын сату, техника мен жабдықтар жөндейтін «Инва-СТО» сервис орталығы бойынша шоу-рум көрсетті. Осындай жағдайға түскен азаматтардың өздері мүгедектер арбаларын дайындау, оларға тапсырыс беру, бұзылғанын жөндеу үшін жаңа жобалар жүзеге асырып, орталық жұмысын жетілдіріп отыр. Енді олар өзге облыстардағы өздері сияқты жандарды да үйінен алысқа бармай, зум арқылы бәрін үйреніп, онлайн тапсырыстар беру мәселесін де реттеп жатыр. Міне, оларға мемлекет тарапынан міндетті

тік кәсіпкерлік туралы заң қабылданды. Бүгінгі таңда Мемлекет басшысының тапсырмасымен Үкіметте халық табысын арттыру бағдарламасы жүзеге асырылып жатыр. Бағдарламаның негізгі мақсаты – экономиканы индустрияландыру және әртараптандыру, кәсіпкерлікті дамытумен ұштастыра отырып халықтың табысын арттыру және нәтижелі жұмыспен қамтамасыз ету. Аталған бағдарламада бюджет қаржысын халықтың әлеуметтік осал топтары мен жалақысы төмен азаматтарға әділ бөлу және олардың алдағы уақытта экономикаға кірігуін ынтымақтастық бағытталған шаралар қарастырылған.

сарту – бағдарламаның алдына қойған міндеті. Сондай бағыттардың бірі – әлеуметтік кәсіпкерлік, – деді Е.Тоғжанов.

Келесі барған нысан әлеуметтік осал топтарға жататын адамдардың оқытып, жұмысқа орналастыруға бағытталған «Green TAL» әлеуметтік кәсіпорны болды. Жобаға 62 адам тартылған болса, соның 53-і әлеуметтік осал топқа жатады. Е.Тоғжанов Үкімет тарапынан мұндай кәсіпорындарға жан-жақты қолдау көрсетіліп отырғанын және олар табысы мол толыққанды бизнеске айналуы керек екенін жеткізді. Сонымен қатар ол тиісті мемлекеттік органдарға белек отырыста әлеуметтік кәсіпкерлікті дамытумен байланысты мәселелерді көтеріп, қарастыруды тапсырды.



### ЕЛЕҢ ЕТКІЗЕР

Өткен аптада Шри-Ланка халқы жаппай ереуілге шығып, президент Готабая Раджапакса отставкаға кеткен еді.

Ал кеше Шри-Ланкада жаңа президент сайланды. Бұл лауазымға осыған дейін елдегі үкіметтің төрағасы, ал дағдарыстан соң мемлекет басшысының қызметін атқарушы болып келген Р.Викремсингхе лайық деп танылды. Президент лауазымына тағы да екі адам үміткер болған.



Рио-де-Жанейродағы атақты Копакабана жағажайының құмында ерекше сурет пайда болды.

Бұл – француз суретшісі Гильермо Легростың жаһандық жоба аясында салған авторлық шығармасы. Суретші аумағы 1500 шаршы метр болатын жағалаудың құмын бүріккішпен бояп, бейбітшілік пен бірлікке үндейтін туынды салып шыққан. Құмды бояуда ағаш көмір мен бор сынды табиғи пигменттер қолданылған. Бұл материалдар экологияға зиян келтірмейді.



Калифорния жағалауында кит қайыққа мінген екі әйелді жұтып қойды.

Күәгерлер түсірген бейнежазба әлеуметтік желіде жарияланды. Ондағы кадрларда кит аузын кең ашып, қайықта отырған екі әйелді жұтып қойған көрінеді. Бірнеше секундтан кейін теңіз алыбы адамдарды шығарып тастайды. Мүмкін олар рапионына кірмейтінін түсінген болар.

Жалпы, киттер ұсақ балықтармен қоректенеді екен.



## ЕЛОРДА – ЕСІРТКІСІЗ ҚАЛА

Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының заңдылық, құқықтық тәртіп және жұртшылықпен жұмыс мәселелері жөніндегі тұрақты комиссияның отырысында елордада нашақорлық пен есірткі бизнесіне қарсы күрес мәселелері талқыланды. Алдымен бұл жұмыс туралы қалалық Полиция департаменті есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасы басшысының міндетін атқарушы Еркеш Қалықов баяндады.

### Аманғали ҚАЛЖАНОВ

Оның айтуынша, жыл басынан бері заңсыз айналымнан 189 келі түрлі есірткі түрлері алынды. Есірткіге байланысты 395 қылмыс, соның ішінде ауыр және аса ауыр қылмыстар анықталды. Олардың саны 79-ға артқан. Есірткімен байланысты 32 қылмыстық іс аяқталды. Қазіргі уақытта синтетикалық есірткілердің заңсыз айналымы проблемасы өткір болып отыр.

Жыл басынан бері 4 есірткі зертханасының қызметі жойылып, 31 келіге жуық синтетикалық есірткі тәркіленді. Бұл жұмыста қарапайым азаматтар үлкен көмек көрсетеді. Олардың берген ақпараты негізінде 66 есірткі сайты бұғатталды. Жастармен профилактикалық жұмыс жандандырылды. Атап айтқанда, жоғары оқу орындарымен меморандумдар жасалды. Мемлекеттік органдармен, үкіметтік емес және басқа да мүдделі ұйымдармен бірлесіп 174 профилактикалық іс-шаралар өткізілді. БАҚ арқылы үлкен ақпараттық жұмыс жүргізілуде. Есірткіге қарсы мазмұндағы ақпараттық буклеттер таратылуда. Қоғамдық көлікте, LED экрандарда, билбордтарда есірткіге қарсы ақпарат орналастырылған. 2022-2025 жылдарға

арналған «Нұр-Сұлтан – есірткісіз қала» кешенді жоспары іске асырылуда.

Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің аппараты құқық қорғау органдарымен және терроризмге қарсы комиссиясымен жұмыс бөлімінің бас маманы Аман Оспанов қала әкімдігінің ведомствоаралық штабының алдын алу жұмысында жастарға ерекше назар аударылатынын атап өтті. Қалалық сотта дөңгелек үстел мәжілісі өткізілді. Онда жастар ортасы, синтетикалық есірткінің таралуы мәселелері талқыланды.

Жеңіл пайда табу мақсатында кейбір жастар мессенджерлерде синтетикалық есірткі сату туралы хабарландырулар орналастырады екен. Мұндай сайттар анықталып, бұғатталады, граффити өшіріледі. Кәсіпкерлермен кездесу барысында көңіл көтеру орындарында есірткі таратқаны үшін жауапкершілік туралы түсіндіру жұмыстары жүргізілуде.

Қалалық мәслихат хатшысы Ерлан Каналимов елорда күн сайын өсіп келе жатқанын, жастар саны артып, балалы отбасылар көп келіп жатқанын атап өтті. Оның пікірінше, мемлекеттік органдардың өкілдері айтып өткен алдын алу шаралары өте тиімсіз болып отыр және іс жүзінде проблеманың себептерімен емес, салдарымен күрес

жүріп жатыр. Үш-бес жылдық кешенді бағдарламалар, жоспарлар құрылды. Бұл жұмыста басты рөл Полиция департаментінің есірткі бизнесіне қарсы күрес басқармасына тиесілі. Қалада психологиялық қызметтер, әлеуметтік қызметкерлер, білім беру, денсаулық сақтау жүйелері бар. Мысалы, артспорт сияқты бірқатар жобалар жұмысы ұйымдастырылған. Бірақ бұл жұмыста айтарлықтай жетістіктер болмай отыр.

Хатшы қолданыстағы бағдарламаны зерттей келе, бұл жай ғана іс-шаралар жиынтығы, онда жағдайдың жақсарғанын көрсететін көрсеткіштер, индикаторлар жоқ деген қорытындыға келгенін айтты. Мемлекеттік органдар жұмысқа тартылмаған және бұл проблема кез келген адамға қатысты орын алуы мүмкін екенін түсінбей отыр. Қалада 20 мемлекеттік орган бар, алдын алу жұмыстарына арналған жиынтық бюджет 30 млн теңгені құрайды. Бұл үлкен сома емес және нәтижесі де сәйкесінше. Бұл проблемаға деген көзқарас жауапсыз және кәсіби емес болып отыр. Бағдарламаны қайта қарау керек, онда салдармен емес, себептермен күресетін нақты шаралар болуы қажет.

Ерлан Каналимов есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасынан проблемалар бойынша жеке ақпарат беруді сұрады. Бір ай ішінде жұмыс жоспарының жаңа нұсқасын ұсынуды, индикаторлар мен күтілетін нәтижелерді енгізуді тапсырды. Жоспар тиімді және әмбебап болуы тиіс. Түпкі мақсатты ескере отырып, жобаны барлық мемлекеттік органдармен пысықтау қажет. Бейінді басқармалар өз ұсыныстарын беруі тиіс.

## АЙТПАЙЫН-АҚ ДЕП ЕДІМ....

### БҮЛ КЕЗЕК ҚАШАНҒА ДЕЙІН ЖАЛҒАСАДЫ?

Бірнеше күн болды, жұмысқа келе жатып Ә.Жангелдин көшесіндегі «Аян» дүкенінің алдынан осындай кезекті көріп жүрмін. Сонау 90-шы жылдардағы кезек (азық-түлік тапшылығы шарықтаған кез еді) қайтып оралғандай.



### Төлен ТІЛЕУБАЙ

Бүгін шұбатылған кезекте тұрғандардың бірінен: «Бұл ненің кезегі?» деп сұрадым. «Қант қой! Бір келісі 300 теңгеден сатылып жатыр. Бірақ бір қолға 2 келі ғана береді. Оны сатып алу үшін таңғы сағат 4-тен бастап кезек алуың керек. Соның өзінде жұрттың жартысына жетпейді. Дүкен әкімшілігі қантты еркін сатылымға шығармай, осылай таңертең 1 сағат сатады» деді шеткері тұрған бір қазақ жігіті.

Құмшекердің тапшылығы қарапайым тұтынушыны да, ел билігін де алаңдатып отыр. «Мен не деймін, домбырам не дейді» дегендей, жұртты дүрліктірмеудің орнына Ауыл шаруашылығы министрінің орынбасары Жеңіс Өсербай елімізде 26,9 мың тонна қант қалды деп «отқа май құйды». Өнімді ішкі тұтынудың бір айлық көлемі 59-60 мың тонна екен. Осыны білген алаяқ алыпсатарлар жұрт шарқ ұрып іздеп жүрген қанттың бір келісін 900 теңгеден сатып, арам жолмен қалтасын қампитуға кірісті. Қанттың кезегі

қып-қызыл төбелеске айналғанын да жасырмаймыз. 14 шілдедегі Үкіметтің алқалы жиынында бұл ушыққан мәселеге Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың өзі араласып, қантқа қатысты төбелеске «Ұят!» деп баға берді.

Бірақ одан ұялып отырған Үкіметті де, шиеленіскен ахуалды өз қарақан басының пайдасына шешуге жанталасып жатқан алыпсатарды да көрмедік. Дүкен сөрелерінде ұсақ қант жоқ. Кейбір ірі сауда нүктелері қантты белгілі бір уақытта ғана, шағын орталарда сатылымға шығаруда. Мәселені шешеді деген Премьер-министр Әлихан Смайлов Үкіметтің отырысында: «Бізге қанттың қоры 100 мың тоннадан асады. Ай сайын 60 мың тонна тұтынаын болсақ, қант жеткілікті деген сөз. Қанттың елдегі орташа құны 480-490 теңгені құрайды. Бірақ кейбір «үйлердің жанындағы» дүкендерде ол 800 теңгеге сатылуда. Бұл мәселемен айналысу керек!» деп шен-шекпенділерге тапсырма берумен шектеліп отыр. Ал елордадағы дүкендерде қанттың кезегі күн сайын ұзарып барады. Сонда бұл кезек қашанға дейін жалғасады?

## АЗЫҚ-ТҮЛІК БАҒАСЫ ТЕКСЕРІЛЕДІ

Нұр-Сұлтан қаласының Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасы апта сайын үй жанындағы дүкендердің әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасына мониторинг жүргізеді. Жақында осындай 1000-нан астам дүкен тексерілді.



Тексеру барысында сауда үстемесінен асып кету және көкөніс пен сүт өнімдерін сақтаудың санитарлық нормаларын сақтау бойынша бұзушылықтар анықталды. «Сауда қызметін реттеу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, кәсіпкер тауарға баға белгісінің болуын және шекті сауда үстемесінің сақталуын қамтамасыз етуге міндетті. Бұл ретте аталмыш басқарма баға

белгілерінің болмағаны және сауда үстемесінің 15%-дан асып кеткені үшін кәсіпкер әкімшілік жауапкершілікке тартылатынын хабарлайды. Сол сияқты үй жанындағы дүкендердің иелері санитарлық нормаларды, оның ішінде тез бұзылатын өнімдерді сақтау бойынша: тоңазытқыш камераларды сөндірмеу, сүт өнімдері секторын стеллаждармен жабдықтау, ауаның төмен температурасы мен ылғалдылығын бақылау, сондай-ақ сауда-саттық кезінде белгілі бір жарық режимін сақтауы қажет. Мамандардың мәлімдеуінше, коммуналдық төлемдерді үнемдеу елорда тұрғындарының денсаулығына қауіп төндіреді.

## ЖАҢА ПЕРЗЕНТХАНА САЛЫНАДЫ

Биыл елордада жаңа перзентхана құрылысы бойынша жобалау-іздістіру жұмыстары басталды. Бұл туралы Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының хатшысы Ерлан Каналимов хабарлады.

Осылайша, Алматы ауданындағы Абылай хан даңғылы мен Қобда тұйық көшесі қиылысында 250 орындық перинаталдық орталық салу жоспарлануда. «АстанаИнжПроект» ЖШС-мен 2020 жылдың 25 ақпанында жобалау келісімшарты жасалды. Қазір жобасы мақұлданды. Жобаны сараптама порталына жүктеп салудың болжамды күні 2022 жылдың шілдесі. Сараптама осы жылдың қыркүйек айында алу көзделген. Мәслихат хатшысының айтуынша, АМАНАТ партиясы елордалық филиалының сайлауалды уәделерін орындау бойынша Жол картасында жаңа перзентхананың құрылысы басым бағыт болып табылады.



**Перуде аяз күшейді. Қазір мұнда үшін мұндай ауа райы қалыпты жағдай.**

Алайда жұрт биыл қыс әдеттегіден суық екенін айтады. Соның салдары бәрінен бұрын жергілікті үндіс қауымдастықтары үшін ауыр тиіп отыр. Өйткені олардың баспанасы мұндай аязға арналмаған. Білік тұрғындарға жылы көрпелер таратып жатыр. Ал мамандар бірнеше аптадан кейін ауа температурасы одан да төмен болуы мүмкін екенін ескертеді.



**Сүтқоректі жануарлар азайып барады.**

Кейінгі 5 жылда өзге құрлықтармен салыстырғанда сүтқоректілердің ең көп азаюы Австралияда тіркеліп отыр. Әлемнің бай елдерінің ішінде де жануарлар санының ең жылдам қысқаруы да осы елдің үлесіне тиесілі. Сарапшылар бұл климаттың өзгеруінің әсері екенін айтады. Соның салдарынан кейінгі жылдары Австралияда орман өрті мен су тасқыны жиілеп кеткен.

## БАЗАРДАҒЫ БАҒА ҚАНДАЙ?

22.07.2022

ELORDA.INFO

### ӘЛЕУМЕТТІК МАҢЫЗЫ БАР ТАУАРЛАР ТІЗБЕСІ

|                                     | Астаналық бағар | «Зейне» бағары | «Шығалы» бағары | «Шарын» бағары |
|-------------------------------------|-----------------|----------------|-----------------|----------------|
| Бірінші сортты бидай ұны            | 400             | 510            | 410             | 200            |
| Бірінші сортты ұннан пісірілген нан | 130             | 90             | 100             | 120            |
| Макарон өнімдері                    | 300             | 227            | 227             | 350            |
| Қарақұмық жармасы                   | 650             | 520            | 520             | 600            |
| Тазартылған күріш                   | 480             | 275            | 275             | 420            |
| Картон                              | 165             | 185            | 260             | 260            |
| Сәбіз                               | 115             | 222            | 205             | 220            |
| Пияз                                | 165             | 314            | 350             | 330            |
| Қырыққабат                          | 80              | 91             | 91              | 110            |
| Қант                                | 320             | 470            | 320             | 720            |
| Күнбағыс майы                       | 900             | 780            | 850             | 750            |
| Сыыр еті                            | 2750            | 2350           | 2350            | 2300           |
| Тауық еті                           | 1705            | 1350           | 1100            | 1300           |
| Пастерленген сүт                    | 300             | 285            | 275             | 350            |
| Айран                               | 340             | 307            | 375             | 310            |
| Сары май                            | 2500            | 604            | 2700            | 850            |
| Тауық жұмыртқасы                    | 45              | 46             | 36              | 120            |
| Ас тұзы                             | 90              | 52             | 70              | 60             |
| Сүзбе                               | 800             | 280            | 1000            | 900            |



№86 (4364) 23/07/2022 Сенбі

# ГАЗДАНДЫРУ: ТҰРҒЫНДАР ТҰРМЫСЫ ТҮЗЕЛДІ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Гүлбаршын  
ӨКЕШҚЫЗЫ

2020 жылы жеке секторда 370 шақырым, 2021 жылы 317 шақырым инженерлік газ тарату желілері салынса, осы уақытқа дейін 9 тұрғын алап газға қосылды. Қазіргі уақытта Алматы және Сарыарқа аудандары толығымен газдандырылды. Бұл – «Железнодорожный», «Көктал-1», «Көктал-2», «Агроқалашық», «Промышленный», «Оңтүстік-шығыс», «Күйгенжар», «Мичурин» және «Интернациональный» тұрғын алаптары. Қалған екі аудан – Есіл және Байқоңыр аудандары бойынша газ тарату желілерінің құрылыс жұмыстары кезең-кезеңімен жүргізіліп жатыр. Мысалы, бұл «Ильинка» (Үркер), «Өндіріс», «Пригородный», «Телман» елді мекендері, сол сияқты «Family Village», «Garden Village» шағын аудандары және т.б. Сонымен бірге «Шұбар» шағын ауданында



ралық ақпарат құралдарының өкілдерімен өткен кездесуде елорда әкімі газдандыру мәселесіне ерекше тоқталды. Оның айтуынша, Есіл және Байқоңыр ауданында газ құбырының құрылысы бойынша келесі жылы кварталішілік желілердің құрылысы басталады. Бүгінгі

ды, бұл қоршаған ортаға және тұрғындарға зиян келтіретіні анық. Сондықтан қаланы газдандыру қаланың экологиясына ғана емес, қала тұрғындарының өмір сүру сапасына да оң әсер етеді. Өткен қыста жеке секторда газға қосылған үйлердің арқасында елорданың ауасы жылдағымен салыстырғанда әлдеқайда таза болды. Бұл айтарлықтай байқалады. Мысалы, бұған дәлел ретінде оңтүстік-шығыс ауданын айтуға болады. Елорданы газдандыру қаланың экологиясына ғана емес, қала тұрғындарының өмір сүру сапасына да оң әсерін тигізеді, – деді Алтай Көлгінов.

Бұдан басқа, ЖЭО-1 және ЖЭО-2-нің 13 су жылыту қазандығы газға ауыстырылды. ЖЭО-3 құрылысы қайта басталды, жаңа құрылыс аудандарын жылумен қамтамасыз ету үшін үш жергілікті газ қазандығының жобалау жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Қала әкімдігінің басшылығымен атқарылған жүйелі жұмыстардың нәтижесінде соңғы кезде газдандырылған үйлердің саны күн сайын артып келеді. 2020 жылғы жағдай бойынша 6 мың үй газға қол жеткізсе, 2021 жылы 14 мыңнан астам үй, оның ішінде 1800 отбасы, ал

биыл 3,6 мыңнан астам отбасы газбен жабдықтауға қосылды. Олардың 5166-сы техникалық шарттарға ие болды.

2022 жылғы 11 сәуірден бастап үйлерді газға қосуға әлеуметтік көмек мөлшері ұлғайтылды. Мәселен, егер бұрын аз қамтылған санаттарға 90 АЕК мөлшерінде ақшалай көмек бөлініп, ал бұл 260 мың теңгеден астам болса, енді осы әлеуметтік көмектің мөлшері 130 АЕК-ке дейін, яғни 400 мың теңгеден астам ұлғайтылды. Сондай-ақ елордалықтардың бәріне тегін негізде есептеуіштер берілуде. Шараның игілігін көргендер аз емес.

**Елордалық ардагер-ұстаз Орақ Жабаев та солардың қатарынан.**

– Нұр-Сұлтан қаласына көшіп келгеніме жиырма жылдан асты. Алғашқыда көппәтерлі биік үйде тұрдық. Біз секілді жасы келген адамдарға қазынаның үйі тарлық ете ме, әлде далаға кіріп-шығу қиын болды ма, әйтеуір отбасымызбен ақылдасып, қаланың оңтүстік-шығыс ауданынан учасок сатып алып, үй салдық. Жер үй болған соң, оны жылыту үшін жыл сайын отын мәселесі мазалайтын, енді, міне, газға қосылып алдық.

Үйде де, далада да экологиялық тұрғыдан тазалық орнады. Күн суыса жылуды көбейтеміз, ыстық болғанда сөндіреміз. Жалпы айтқанда, тұрмысымыз едәуір түзелді. Осы жұмысты қолға алған Мемлекет басшысына, газды қосудың техникалық жағын қамтамасыз еткен қала басшылығына да рақмет айтамын, – деді елордалық ардагер-ұстаз.

Қала тұрғындарының өз үйін газға қосу үшін құжаттар жинау туралы өтініштерін ескере отырып, құжаттар тізімі екі есеге қысқартылды. Бұрын құжаттарды жинау үшін 6 айға дейін уақыт кететін. Бұл шара Мемлекет басшысының «Мемлекеттік аппараттың қызметін бюрократиясыздандыру жөніндегі шаралар туралы» Жарлығы аясында қабылданды.

**Әкімдіктің көмегімен үйіне газ тартқандардың бірі – елордалық көпбалалы ана Айсұлу Каримова.**

– Бұл елдің игілігі үшін жасалып жатыр. Өз басым қуаныштымын. Қала әкімдігі қолдау көрсетті. Есептеуішті де тегін берді. Әлеуметтік әлжуаз топтарға жататын адамдарды қамқорлығына алып, үнемі көмектесіп отыратын әкімдік-тегілерге алғысымды айтамын. Құжаттарды рәсімдеу барысында да қиындықтар болған жоқ. Көрсілер де газға қосылды. Алла қаласа, алдағы қыста қиналмайтын болдық. Көмірдің бағасы қымбаттағалы қыста қыруар ақша жұмсайтынбыз. Енді сол қаражатты газға төлейтін болсақ, жақсы емес пе? Қалай болғанда да, жақсылықтан үміттіміз, – деді көпбалалы ана.

Айтса айтқандай, көмірмен от жағу азайған сайын тұрғындардың тірлігі жайлы бола бермек. Бұл қаланың экологиялық тазалығына да айтарлықтай әсер ететіні белгілі. Себебі газдандыру экологияны жақсартып, атмосфераға зиянды заттардың шығарылуын бірнеше есе азайтуға мүмкіндік береді. Бастысы, тұрғындардың тұрмысы түзеліп келеді.

## МӘРТЕБЕСІ КӨТЕРІЛГЕН МҰҒАЛІМ

Елімізде әлеуметтік сала қызметкерлерінің жалақысын кезең-кезеңімен арттыру жалғасуда. Бұл – білім саласындағы серпінді жоба. Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау үшін 2020 жылдан бастап педагогтің жалақысын кезең-кезеңімен арттыру басталды. 2023 жылға қарай олардың жалақысы 2 есе өседі.

Гүлшат  
САПАРҚЫЗЫ

2022 жылғы 1 қаңтардан бастап педагогтар мен әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы қызметкерлердің жалақысы 25%-ға, медицина қызметкерлерінің жалақысы орта есеппен 20-30%-ға өскені мәлім. Бұл туралы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі жыл басында хабарлаған болатын.

Мұғалімдерді қолдаудың мемлекеттік моделінің тәжірибелі педагогтарға әсері, жас мамандардың кәсіби қалыптасуына ықпалы туралы пікірін сұраған едік.

Соның бірі – Нұр-Сұлтан қаласындағы №87 мектептің тәлімгері Нұрбол Бәшіров.



– Соңғы 3 жылда елімізде ұстаздарға әлеуметтік тұрғыдан және қаржылық жағынан барынша көмек көрсетіліп келеді. Мемлекет басшысы тамыз кеңесіне арнайы қатысып, ұстаздарды қолдаудың толыққанды сатылы жоспарын айтты. Соның арқасында жаңадан келген жас маманның мардымы жалақы алып, қалыптасуына мүмкіндік ашылады. Сонымен қатар, сағат жүктемесі 18-ден 16-ға төмендеуі де айтарлықтай жаңалық болды. Орта есеппен алғанда, мұғалім болып жұмыс атқаратын кісі 350-450 мың аралығында жалақы алып отыр. Қоғамды қалыптастыратын басты күш ол ұстаз болса, оларға көрсетілетін қолдау да жоғары деңгейде болғаны дұрыс деп санаймын.

Мемлекет басшысының қолдауымен мәртебелерінің көтерілгеніне мұғалімдер мәз. Олар жауапкершілік жүгі арта түсетінін, сенімді ақтайтындарын айтады.



жобалау жұмыстары жүргізілуде. Онда жеткізуші газ құбыры, ал 2023 жылы орамшылқ желілер салынатын болады.

Қала басшысы да бұл мәселені қатаң қадағалап, жауапты мекеме басшыларына осы бағыттағы жұмыс қарқынның төмендетуіне қажеттіні тапсырған болатын. Жақында бұқа-

таңда 14 мың абонент газға қол жеткізді, 6 мыңнан астам абонент техникалық шарттар алды, сонымен қатар 3,6 мыңнан астам үй (25%-дан астам) газға қосылды.

– Газдандыру – қала мен жалпы ел үшін стратегиялық маңызды жоба. Қаланы қазірдің өзінде түтін басқаны байқала-

## КӘСІБІН ДӨНГЕЛЕТКЕН КӨПБАЛАЛЫ АНА

Елордада жаңадан іс бастаған кәсіпкерлердің 2025 жылға дейін халықтың табысын арттыру бағдарламасы аясында бизнесін ашып, ары қарай дамыту үшін мемлекеттік грант алуына мүмкіндік қарастырылған.

Айзада  
ЖАЙЫҚҚЫЗЫ

Кәсіпкерлер мемлекеттен 2-5 миллион теңге аралығында қаржылай қолдау ала алады. Осындай қолдауға ие болғандардың қатарында үш баланың анасы Шынар Қалиева да бар.

«2015 жылы ұлымды даун синдромымен босандым. Мұндай жағдайды бірде-бір отбасы күтпейді, бұл жағдайға дайын болмайды деп те айтуға болады. Сол кезде маған мүгедектігі бар

балаларды тәрбиелеп отырған аналарды қолдау үшін құрылған «Мама Про» қоғамдық қоры көмектесті. Кәсіпкерлік қызмет негіздері бойынша курстар өткізген мықты және табысты әйелдер тобында болып, жолым болды. Бізге кәсіп ашарда бастапқыда не істеу керектігі, бизнес-жоспарды қалай дұрыс белгілеу керектігі, бухгалтерия негіздерін, шешендік өнерді үйрету туралы айтылды. Бірақ ең бастысы, психологтармен

жұмыс, өйткені баланы оңалту, ең алдымен, ананы оңалтудан басталады. Барлық тренингтер, мастер-класстар мен оқытулар тегін өткізілді» деді Ш.Қалиева.

Ол әкімдіктің «Бизнесіңің жол картасы – 2025» байқауына қатысу үшін құжаттар қабылдап жатқанын біліп, қажетті есептеулер жүргізіп, наубайханаға арналған жабдықтарды зерттеген, ал бизнес-жоспар әзірлеуге «Атамекен» ҰКП менеджері көмектесіпті.

«Біз барлық құжаттарды тапсырып, жауабын күтіп жүрдік. Мемлекеттік гранттың жеңімпаздары тізімінде фамилиямды көргенде қуаныштан жылап жібердім. Осылайша байқау адал және ашық өткізілгенін білдім. Міне, осы арқылы «Солнечный» наубайханасына арналған алғашқы қымбат және сапалы жабдықты сатып алдым» деді ол өз тәжірибесімен бөлісіп.

Алайда уақыт өте келе өндірістің қуат жетіспеушілігі

пайда болыпты. Мұздатқыш камералар, тоңазытқыш жабдықтар, витриналар, тестілеу жабдықтары қажет болған. Оларды сатып алуға, бизнесін кеңейтуге ақша жетіспейті.

«Бизнесіңің жол картасы – 2025» байқауы қайтадан жарияланған кезде құжаттарымды дайындап, бизнес-жоспарды есептей бастадым. Маған өндірісті кеңейту үшін жаңа жабдық сатып алу қажеттілігін көрсету және дәлелдеу қажет болды. Комиссияның дауыс беру қорытындысы бойынша мен тағы да 5 млн теңге көлемінде мемлекеттік грант алушылардың қатарында болдым. Бұл ақшаға тоңазытқыш және мұздатқыш жабдықтарды, қамырды илеу машиналарын және өндіріске қажет көптеген заттарды сатып алдық. Ұлттық мағына білдіру үшін наубайхана атауын «Бидай Фуд» деп өзгерттік. Әрине, бұл ірі өндіріс емес, әлі де өсуіміз қажет, бірақ ең маңыздысы басы басталды, ал осы жолда келе жатқан адам кез келген қиындықты еңсереді» деп Шынар Қалиева сөзін түйіндеді.





## ЖОЛАУШЫ ТАСЫМАЛЫ КӨҢІЛ КӨНШІТПЕЙДІ

Қазір отандық жолаушы тасымалы көптеген қиындыққа тап болып отыр. Осы төңіректегі шешімін таппаған түйінді мәселелердің түйіні тарқатылудың орнына жылдан-жылға күрделеніп бара жатқан сияқты. Тіпті өзі еңсесін көтере алмай жатқан салаға «ковид» індеті келіп қосылып, одан сайын жығылғанға жұдырық болғанға ұқсайды.

Таңатар  
ТӨЛЕУҒАЛИЕВ

### ӘУЕЖАЙДАҒЫ ЖАҒДАЙ

Дегенмен ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Азаматтық авиация комитеті төрағасының орынбасары Салтанат Томпиеваның айтуынша, кейінгі кезде тасымал нарығындағы жағдай біршама тұрақталған.

Бес авиакомпания 57 авиабағдар бойынша аптасына 600-ден аса рейс жасайтын көрінеді. Соның 20 авиабағдары әлеуметтік маңызы бар бағыттарды қамтамасыз етіп, тұрақты ұшып тұру үшін республикалық бюджеттен қаржыландырылса, коммерциялық тұрғыдағы рейс тасымалдаушылары шығынын жаба алмай келеді екен.

Бір қуанарлығы, індеттен кейін қазір халықаралық әуе қатынасының жұмысы толық қалпына келтірілді. Кейінгі кезде осы негізде 27 мемлекетке 102 бағытта аптасына 476 авиарейс ұшады. Жолаушы тасымалының қарқыны жоғары. Жыл басынан бері еліміздің әуежайлары 6,84 миллион жолаушыға қызмет көрсеткен. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 13 пайызға көп екен. Алайда бір «әттеген-айы» жолаушылардың саны артқан сайын авиарейстің кешігуі жиілеп кеткен. Бұл тұрғыда министрліктегілердің де айтар өз уәжі бар.

«Асыққан – шайтанның ісі». Сондықтан бірінші кезекке жолаушылардың қауіпсіздігін қоямыз. Сосын әуе кемесін нақты тексерістен өткізбей, ауа райының ұшып-қонуға қолайлылығына көз жеткізбей, ұшуға рұқсат берілмейді. Кейде осы үдерістің өзі біраз уақыт алып кететін жайлар болады. Ал кешігу бұдан басқа авиакомпанияның кінәсінен болатын болса, белгіленген заңнамаларға сәйкес, жолаушыларға қосымша өз қызметін ұсынуы тиіс. Егер ұшақ екі сағатқа кешіксе, екі рет телефон шалуға, салқын сусын және ана мен бала бөлмесін ұсынуы керек. Ал екі сағаттан артық кешігетін болса, ыстық тамақ ұйымдастырылып, жолаушыларды қонақүйге орналастыру мүмкіндігі қарастырылады. Олай болмаған жағдайда, жолаушылардан шағым түссе, әкімшілік жауапкершілікке тартылып, 200-ден 1000 АЕК-ке дейін айыппұл салынуы мүмкін» дейді олар.

«Солайы солай ғой. Бірақ нақты іс барысында жетпіс желеу, сексен себеп айтылып, түптеп келгенде, ешкім де жауап бермейді» дейді елорда тұрғыны Ермекбай Сәлімов.

«Мәселен, 17 шілде күні Алматыдан Нұр-Сұлтан қаласына 11:30-да ұшуы тиіс әуе рейсі түнгі 4:30-да ұшты. Алайда жолдан бес сағатқа кешіккен жолаушыларға ыстық тамақ та, қонақүй де ұсынылған жоқ. Аэровокзалдың орындығында шошайып отырдық та қойдық» деп наразылық білдірді ол. Әрі мұндай жағдай кез келген рейсте жиі қайталанып отырғаны қынжылтады.

«Air Astana» компаниясының әуе қызметін жүзеге асыру жөніндегі вице-президенті Александра Небогидің айтуынша, ұшақтардың кідірісіне, негізінен, екі фактор әсер ететін көрінеді. Біріншісі – халықаралық рейстердің жүк тасымалы. Әсіресе бұл жұпалы

лайнерлердің де жетіспеушілігі бар көрінеді. Әр компанияның 2025 жылға дейін алып лайнерлер алу кестесі бекітілген. «Air Astana» мен «Fly Arystan» биылдың өзінде екі аэробус алып үлгерді. Жылдың аяғына дейін бес әуе кемесін алуға үміттеніп отыр. Ал «SCAT» жылдың аяғына дейін тоғыз ұшағын жаңартпақшы. Дегенмен жолаушылар ұшақтардың кешігуіне бой үйретсе бастады, енді тек билет бағасы қымбаттамасын деп тілеп отыр. Ал «біз бағаны үнемі бұлай ұстап тұра алмаймыз. Өйткені ішкі рейстерге тариф 2015 жылдан бері көтерілген жоқ» дейді SCAT АҚ коммерциялық кешені директоры Николай Буряков.

**ҚАЗІР ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӘУЕ ҚАТЫНАСЫНЫҢ ЖҰМЫСЫ ТОЛЫҚ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРІЛДІ, 27 МЕМЛЕКЕТКЕ 102 БАҒЫТТА АПТАСЫНА 476 АВИАРЕЙС ҰШАДЫ. ЖОЛАУШЫ ТАСЫМАЛЫНЫҢ ҚАРҚЫНЫ ЖОҒАРЫ. ЖЫЛ БАСЫНАН БЕРІ ЕЛІМІЗДІҢ ӘУЕ-ЖАЙЛАРЫ 6,84 МИЛЛИОН ЖОЛАУШЫҒА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТКЕН. БҰЛ ӨТКЕН ЖЫЛМЕН САЛЫСТЫРҒАНДА 13 ПАЙЫЗҒА КӨП ЕКЕН**

дертке салынған тыйымдар бірден алынып тасталғаннан кейін ірі аэропорттарда жүк тасымалына деген сұраныстың көбейгенінен болып отыр. Ал жүк тасымалына індет кезінде қойылған шектеулер алынған жоқ.

Екінші бір себеп – жүкшілердің жетіспеушілігі. Транзиттік жолаушылардың жүгін белгіленген уақытында түсіріп, жеткізетін жұмысшылар аз. Сондықтан екінші рейстің қонуына кедергі келеді. Міне, сөйтіп күні бойы авиарейстердің кешігуі орын алады.

Тағы бір себеп – Украинадағы қақтығыс. Осыған байланысты кейбір ұшақтардың бағдары тоқтап, көпшілігі Ресей Федерациясы кеңістігін айналып өтуге мәжбүр. Түптеп келгенде, мұның бәрі кешігу себептеріне алып келеді. Содан кейін ауа райының да құбылмалылығы, әуежайларға жасалатын жөндеу жұмыстары да әсер ететінін айтқан жөн.

«Расы керек, Қазақстан әуе компаниясындағы ұшақ рейстерінің кешігуі сол компания үшін де үлкен шығын. Сондықтан мұндай кідірістерге жол бермеу үшін барлық мүмкіндік қарастырылады. Алайда мойындау керек, осы сөз болып отырған келеңсіздіктер көбіне біздің еркімізден тыс болады» дейді SCAT пен Qazaq Air өкілдері. Оның үстіне авиакомпанияларда

### ПОЙЫЗДАРДЫҢ КЕШІГУІ КӨП

Әуе қатынасы тасымалындағы авиарейстердің кешігуінен темір жолдағы жолаушы тасымалы пойыздарының кешігуі одан да сорақы болып шықты. Мәселен, 10 маусым күнгі Алматы-Орал бағытында жүретін «Тальго» жүрдек пойызы елордаға 1 сағат 10 минут кешігіп келсе, Ақтөбе қаласына 40 минут, Орал қаласына 30 минут кешігіп барған. Ал Нұр-Сұлтан-Орал бағытында жүретін жолаушылар пойызы 12 маусымда Ақтөбе қаласына 3 сағат, Оралға 1 сағат 10 минут кідіріспен барған. Жолаушылар пойызы неге үнемі кешігіп жүреді? Бұған да бірнеше уәжі айтылады. Ең бастысы, жүктеме көп болғаннан кейін рельс қызып кетіп, суығанша күтуге тура келетін сәттер болады екен. Екіншіден, кей жағдайда жолаушы пойызына жол беруге тура келеді. Кейде жол-жөнекей электровоздар мен тепловоздар да істен шығып қалып, оларды басқасымен алмастыруға тура келіп жатады. Айта берсе, пойыздардың кешігуіне себеп те, желеу де жетерлік екен.

ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Көлік комитеті төрағасының міндетін атқарушы Қасым Тілеповтің айтуынша, бүгінде республика ау-

мағында 130 жолаушы пойызы қатынайды. Ал жылжымалы құрам паркіндегі 2,6 мың жолаушы вагонының 46 пайызы тозған. Соңғы он жылда тек қана 1100 жаңа вагон сатып алыныпты. Биыл тағы 73 жаңа вагон келеді деп күтілуде.

«Иә, біздің салаға, атап айтқанда, жолаушылар тасымалына байланысты көңіл толмастық пен наразылықтың бар екенін жақсы білеміз. Біз оны барынша жоюға күш салып жатырмыз. Жыл басынан бері бізге мыңның үстінде арыз-шағым түсті. Әрқайсысын жеке-жеке қарап, тиісті шара қолдандық. Осы негізде 200-ден аса вагон тексеріліп, 431 тәртіп бұзушылық анықталды. Оларға 32 миллион теңгенің үстінде айыппұл салынды».

Ал «Жолаушылар тасымалы» АҚ басқарма төрағасы Жәнібек Тайжанов бұл бағытта көпшілікті қуантарлықтай мәлімет келтірді. Оның айтуынша, пойыздардың кешігуі – жаз мезгілінде болып тұратын жағдай. Өйткені жаз – демалыстың, қыдырып-серуендеудің айы. Адамдар легі шамадан тыс көп болады. Билет табылмай, вагондар жетпей жатады. Дегенмен бұл қиындықты мекеме жоспарлы түрде еңсеріп келеді. Осы жылғы жазғы жолаушылар тасымалына 138 бағытқа 104 пойыз шығарды. Жекеменшік компаниялар да өз үлесін қосып жатыр.

Рас, вагондардың ескіргенін жасыруға болмайды. Қазір қолданыстағы 800-дей вагонның алды 28 жыл, соңы 44 жыл үзбей пайдаланылып келеді. Олардың 700-інде ауабатпағыш жоқ. Сондықтан жолаушылар, әсіресе, Түркістан, Маңғыстау облыстарына қатынайтын пойыздардағы адамдар «қалбырдың ішінде күнге шыжып келеміз» деп талай шағым түсірді. «Дегенмен кейінгі жылдары қол жеткен бір жетістігіміз – пойыз билетінің алысатарларын жойдық. «Mobiuz» электронды броньдау арқылы билет тапшылығын қолдан туғызушылардың жолы кесілді» дейді ол.

Қазір еліміздің алты облысына «Тальго» жүрдек пойызы қатынайды. Ішінде жолаушылар үшін барлық жағдай жасалған. Жаз кезінде ауабатпағыш, қыста жылыту пеші үздіксіз жұмыс істейді. Он бір халықаралық рейс қатынайды. Әрине, кем-кетік болуы мүмкін.

«Көш жүре келе түзеледі» демекші, біз оны бара-бара жоямыз. Тағы бір атап өтерлігі, билет бағасында тұрақтылықты ұстап тұруға тырысудамыз. Билетті 45 күн бұрын сатып алған адамға 25 пайыз жеңілдік те бар» деді төраға.

Міне, еліміздің жолаушылар тасымалындағы ахуалдың кейбір жай-күйі осындай. Тиісті органдар алдағы уақытта жоғарыда сөз болған кемшіліктерді жояды, сөйтіп халыққа қызмет көрсетудің сапасын арттырып, мүмкіндігін жетілдіре береді деген сенім мол.

## АЯЛДАМА АТАУЛАРЫ ДА ЕЛДІ ТАНЫТАДЫ

Елордада қала ішінде қатынайтын автобусқа мінсеңіздер, сонда орна-тылған дауыстық қондырғы арқылы қоғамдық көлік тоқтайтын аялдама атауларын біле аласыздар. Кейінгі жылдары Қазақ радиосы ғасырлық мерейтойына орай бас қалада қоғамдық көлікке жауапты «City Transportation systems» ЖШС-пен бірігіп, 300-ге жуық аялдама атауын қайтадан дыбыстап шықты. Арасында қаланың өсуіне байланысты Нұр-Сұлтан шаһарында жаңадан қосылған 70-ке жуық жаңа аялдама да бар.

Аманғали ҚАЛЖАНОВ

Олардың атауларын қазақ және орыс тілінде хабарлайтын аудиожазбадан белгілі тележүргізуші Қымбат Досжанның қазақы қоңыр дауысын тануға болады.

Аялдамалар, негізінен, автобус жанына тоқтайтын нысандар, көшелер, шағын аудандар, тұрғын үй кешендері атаумен аталады. Нысан атауының өзгеруіне байланысты аялдама атауы да өзгеріп жатады. Мәселен, С.Сейфуллин көшесінің бойында бұрын «Тұран Әлем банкі» аялдмасы болды. Осы банктің жабылып қалғаны белгілі. Қазір оның ғимаратында «Халық банкінің» бір бөлімшесі орналасқан. Ал бұл аялдама атауы «Marden» бизнес-орталығы болып өзгертілді. Сол аялдаманың жанында Сәкен Сейфуллин музейі тұр. Егер аялдамаға баяғыда музей атауы берілсе, оны өзгертпеуге де болар еді. Алайда бұл тарапта бизнеске басымдық беріліп, мәдени ошақ елеусіз қалған.

Қалаға келетін қонақтарға музей, театр, жалпы рухани сусынды қандыратын орындар қызық екені баршаға аян. «Сәкен Сейфуллин музейі аялдмасы» деп хабарланса, шаһармен таныс емес жұрт осы жерде руханият ордасы барын біліп, реті келгенде, бәлкім, кіріп шығар ма еді деп ойлаймыз. Нысан атауы өзгерген соң, аялдама атауын да өзгертуге тура келеді. Ал бұл – қосымша шығын.

Банктер, бизнес орталықтар жабылып немесе атауын өзгертіп жатады. Мәдени ошақтарда мұндай жағдай сирек. Мысалы, елордадағы Сәкен Сейфуллин музейі 1988 жылы ашылды. Содан бері жұмыс істеп келе жатыр. Ал «Marden» бизнес орталығындағы атау бұдан бұрын «Шахназ» еді. Белгілі бір нысан атауы осылай құбылып тұрғанда, аялдамаға баяғыдан бекітілген атауды неге бермеске? Бұл жағдайда «Marden» атауы құлағымызға тосында естілетінін де айттық. Ал «Сәкен Сейфуллин музейі» атауын жылы қабалдаймыз.

Елорда көшелерінің 90 пайыздан астамы қазақшаланды. Алайда баяғы кеңестік кезеңнен қалған атаулар ішінара әлі де кездеседі. Сондай көшелердің бірі – Новый аэропорт. Филолог ғалым Риза Әлмұхан осы көшеге қатынайтын автобустарда аялдама атауы қазақша да, орысша да «Новый аэропорт» деп хабарланатынын айтады. Осы сияқты қалада орысша немесе ағылшынша атау берілген орамдар мен тұрғын үй кешендері аз емес. Мәселен, «Городской романс», «Французский квартал», «Сказочный мир» болып кете береді. Бұл – өзіміз үй мен жұмыс арасында қатынайтын бір ғана №21 автобус тоқтайтын аялдама атаулары. Осы автобусқа бірде мінген белгілі өнші Ерлан Рысқали да осыған назар аударды. Қоғамдық көліктен жүретін адам осындай атауларды естігенде өзін Қазақстанда емес, өзге елде жүргендей сезінетіні де рас. Сондықтан атау бергенде осы жағын да ескерген жөн.

Нұр-Сұлтан қаласы – қазақ елінің астанасы. Аялдама атаулары да соған сай қазақы болуы керек деп есептейміз. Бизнес нысандарын емес, рухани орындарды да алға шығарсақ, ұтылмаймыз. Бұл туризмді дамытуға да септесіп, елді, ұлтты танытады. Мәселен, қонаққа «Marden» қызық па, Сәкен Сейфуллин музейі қызық па? Біздіңше, екіншісі.





## ОТАНДЫҚ ТУРИЗМДІ ҚАЛАЙ ТҮЛЕТЕМІЗ?

Жаз – демалыс маусымы. Жұрттың көпшілігі отбасымен бірге демалатын жер іздейді. Әсіресе табиғаты сұлу аймақтарға ағыла бастайды. Биыл да отандық туризмді дамытуға үлес қосып, ел аумағында демалуды жөн көрдік. Қазақстанда туризм әлі жақсы дамымағанын мойындауымыз керек. Десек те отбасымен демалатын аймақтар бар. Солардың бірі – Зеренді көлінің жағасындағы шипажай. Елордадан тура 320 шақырым жерде тұр. Тақтайдай теп-тегіс жолмен 2,5-3 сағатта жетесіз.



Төлен  
ТІЛЕУБАЙ

«Zeren» шипажай-сауықтыру кешенінде әріптестеріммен екі күн демалып едік. Өзіме ұнаған соң, отбасымен бірге тағы бірнеше күнге бардық. Жан-жағынан қарағайлы орман мен үлкен көл қоршап жатқан демалыс аймағының табиғаты ғажайып, сұлу. Туристерді таңғалдыратын Швейцария, Түркия, БАӘ-нің шипажайларынан бірде кем емес. Төрт күн бойы ауа райы да тамаша болып тұрды. Зеренді көліне шомылып, бірнеше күн ауылда күннің ыстығынан «қызған» денемізді салқындаттық. Көлде есекті қайықпен жүзіп, айналадағы әсемдікті тамашаладық. Тұмса табиғаттың бір ұтымды тұсы: мұнда қалың жынысты орман да, суы жұмсақ көл де

бар. Әсіресе жаяу серуендеуге өте қолайлы жер көп. Саф ауа, мүлген тыныштық, Зерендінің орманында ағаштардың, өсімдіктердің біз бұрын көрмеген түрі көп екен. Дәмі тіл үйіретін орман бүлдіргенін теріп жедік. Итмұрын да пісіп тұр. Әттең, жаңбырдан кейінгі желсіз ауада масаның көптігі мазамызды қашырды. Сонда да тәтті бүлдіргенді уысуы қылып жинап алдық.

Еліміздегі туризмнің артықшылығы да, кемшілігі де бар. Әуелі жақсы жағына назар аударғым келеді.

Біріншісі – Алла Тағала жаратқан тамаша табиғат. Демалатын адам ең алдымен табиғаты әсем, ауасы таза, шомылатын өзені, көлі, теңізі бар жер іздейді. Зерендідегі қарағайлы орман мұндай демалысқа өте қолайлы. Өйткені ыңғайлы, ықшам киіммен таңер-

тең немесе кешкілік орманды жаяу аралауға тамаша мүмкіндік бар. Орман «Zeren» шипажай-сауықтыру кешенінен небәрі 500 метр жерде тұр. Қолына таяқ ұстап алып, жалғыз аяқ жолмен жоғары қарай өрмелей бересің. Ғаламат тыныштық патшалығына қалай тез тап болғаныңды байқамай қаласың. Орманды біраз аралаған соң, шағын төбелер мен тастар кездеседі. Соның біріне шыққанда, көз ұшындағы Зеренді көлі, оның арғы жағындағы тауы, биік жердегі басқа шипажайлар анық көрінеді. Ормандағы саф ауаны тоймай жұта бересің, жұта бересің. Орманнан шипажайға қайтар жолдағы жүрісің жеңілдейді, өйткені ылдидан төмен жүресің.

Екінші мәселе – кейбір демалыс аймағындағы инфрақұрылымның толық жетілгені. «Zeren» шипажай-сауықтыру кешені жылдың кез келген мезгілінде демалушыларды қабылдай алады. Жазда көлде қайықпен, катамаранмен жүзуге болады. Ал қыстың күні шанаға жегілген иттердің көмегімен аппақ қарға оранған ормандағы жолмен жүйткісің. Шипажайдағы қонақ үйдің құнына кешенді үш мезгіл тамақтану, емдік-сауықтыру ем-шаралары (дәрігердің қабылдауы мен кеңесі, ингаляция, тубус-кварц кіреді), үлкен бассейн мен тренажер залына кіру, балалардың ойын алаңдары мен бөлмелеріне бару, автокөлікті тұраққа қою, көлге шомылу кіреді. Жағалаудағы есекті қайықты жарты сағатына – 1000 теңге, бір сағатына



2000 теңге төлеп жалға алып, көлде жүзе аласыз. Салыстырып көрсек, біз Бурабайда жарты сағатқа қайықпен жүзудің құны 8000 теңге екенін естігенде қалтақарлардың «ашқарақтығына» қатты таңғалдық!

Демалатын жер іздеген адамдарды ең бірінші қызықтыратыны – қонақ үйдегі жатын орынның, жейтін тамағының бағасы. Одан кейінгісі – қызмет көрсету деңгейі. Басқа жерлерден бір өзгешелігі, «Zeren»-де үш кісілік бір нөмірді 12000 теңгеге алуға болады. Бір тәулігі 36000, 51000 теңгенің нөмірлері де, 60 мың теңгенің жеке особняк үйлері де бар. Екі жатын бөлмесі бар, жартылай люкс коттедж үйді жалға алу құны – 90000 теңге. Үй мен қонақ үйден бөлек, даладағы палатканы да таңдай аласыз. Жалдау ақысы бөлек.

Үшіншісі – туристерге қызмет көрсететін персоналдың ішкі әдебі. Демалатын адамдардың ең бірінші назар аударатыны – осы. Үш жыл бұрын отбасымызбен бірге Түркияның Аланья қаласында демалдық. Әрине, ол жақтағы қызмет көрсету деңгейі бізден өте жоғары. Өйткені туризмнен қыруар табыс табатын түріктер Қазақстаннан ұшатын ұшақтан бастап, әр қаладағы туристерді қарсы алатын қызметкерлердің ішкі әдебіне, халықпен қарым-қатынасына ерекше көңіл бөледі. Тіпті бізді әуежайға апаратын көлік кешіккенде, бөлек нөмір ұсынып, сусынды алдымызға қойды. Міне, осындай қызмет көрсету Зерендіде бар. Шипажайға кірген күннен бастап бірде-бір қызметкердің қабақ шытқанын

көрмедік. Ресепшндегі Ботакөз атты қызметкер мен бірнеше күн бұрын брондап қойған нөмірлерімді ұсынды. Бір байқағаным, орыстiлді және қазақтiлді персонал кім-кімге болса да қажеттi ақпаратын асықпай түсіндіріп, жылы жүзбен қарсы алып жатты. Асханадағы әкімші мен даяшылар, жағалаудағы қайық қызметін ұсынушылар, қонақ үйдегі қызметкерлер мен кіреберістегі күзетшілер де ізеттілігімен ерекшеленді. Бізге керекті – осы мәдениет.

Төртіншісі – туристердің денсаулығы мен жеке басының қауіпсіздігі. Бір айта кетерлік жайт, өткен жылы Шучинск қаласынан 30 шақырым қашықтықтағы «Жұлдызды орман» глэмпингінде (сән-салтанаты жарасқан лагерь деген мағынаны білдіреді) демалып едік. Ол жер қаланың у-шұынан алыс, тірі табиғатпен тілдесуге өте қолайлы орын екен. Алайда Еуропада жақсы дамыған жаңа үлгідегі демалыстың бұл түріне біз әлі дайын еместігімізге көзім жетті. Тамылжыған табиғаттың аясында қауіпсіз, қолайлы тынығуға жағдай жасай алмағанымызды көріп қатты қынжылдым. Демалысымыздың үшінші күні таңға дейін отбасымызбен көз ілмей, далаға шыға алмай, үреймен жаттық. Себебі көрші палатканы жалға алған қазекендер (6-7 ер адам) түнімен ішіп, бір-бірін боқтап, таңға дейін «разборка» жасады. Айдалада сені біреу ұрып-соғып кетсе де араша түсетін жан баласы жоқ. Ертеңіне түнде болған оқиғаны глэмпингтің қожайындарына айтып едім, ешқандай эмоция-

ны байқамадым. «Әр адам өз қауіпсіздігіне өзі жауап береді» деді шімірікпей. Бұл – демалушылардың денсаулығы мен жеке басының қауіпсіздігіне деген жауапсыздық пен надандық.

Енді Зерендідегі шипажай мен «Жұлдызды ормандағы» глэмпингті салыстырайық. Зерендідегі демалушыларға берілетін картада тыныштықты сақтауға қатысты заңдық ережені қара түсті әріптермен былайша бағттып жазып қойыпты. «Кешкі сағат 23.00-ден таңғы сағат 10.00-ге дейін қонақтардың тыныштығын бұзған адамдарға, Әкімшілік кодекстің 437-бабына («Адамдардың тыныштығын бұзу») сәйкес, 5 АЕК көлемінде – 15313 теңге айыппұл салынады». Үлкен қонақ үйде тәулік бойы демалушылардың қауіпсіздігі мен тыныштығы үшін жауапты бір қызметкер отырады. Бұл – әлемдік туризмде бар дәстүр. Осы үрдісті заңнамамызға енгізіп, туристік қызметті ұсынатын жеке-леген кәсіпкерлерге әр адамның денсаулығы мен қауіпсіздігіне жауаптылығын заңмен міндеттеу керек. Қазақстандағы туризмнің артықшылығына жыл сайын демалушылар санының өсуін, кәсіпкерлікті дамытуға қолайлы органы жатқызуға болады.

Еліміздегі туризмнің кемшілігі көп. Туризм саласындағы кадр тапшылығы, туристік аймақтардағы азық-түлік, жатын орын, т. б. бағасының шамадан тыс қымбаттығы, туризмді дамытқан өркениетті елдерден үйренетін озық тәжірибені үлгі еткіміз келмейтіні деп тізбектеле береді. Бұл – басқа мақаланың тақырыбы.

## АТЫҢНАН АЙНАЛАЙЫН, ҚАРҚАРАЛЫ

Мәдениет және спорт министрлігі Геральдикалық зерттеулер орталығы және «Тұғырыл хан – Оң хан» корпоративтік қорының бірлесе ұйымдастыруымен, Қарқаралы қаласы әкімдігінің қолдауымен «Елдіктің нышаны – ерліктің белгісі» Мемлекеттік рәміздерді ұлықтауға арналған пресс-туры өтеді дегеннен Қарағанды облысының бір қаласы – Қарқаралыға асығыс жолға шығып едік.

Айгүл  
УАИС

Нұр-Сұлтан мен Қарқаралы арасы жақын емес. Еліміздің бас шаһарынан 200 шақырымда жатқан Қарағандыдан басып өтіп, тағы да екі жүз шақырымды артқа тастап, Қарқаралы тауының шегіне жетіп, енгіліңізді басасыз. Осы күндері Қарқаралының тауы гүлдеп болып, Шортанбайша айтқанда, «жерге біткен тау пиязы» пісіп, қозықұйрығы да жетіліп, табиғатының толысқан кезі екен. Сарыарқаның шығысындағы тамаша тауларының негізінде мұнда 1998 жылы Қарқаралы ұлттық паркі құрылған.

Басынан бүлт кетпейтін таудың ұшар биігінде Шайтанкөл, үңгірі мен төсі жалтырап жатқан жартастың, қарағайлы әсем табиғатын былай қойғанда, Қарасор көлінің ем башығы, Жосалының арасан суы, бал татыған қымызы мен балқаймағы ел-жер көрем дегендердің көңіліндегісін табары сөзсіз. Бірақ талпыныс болғанмен, туризмі көшті бастап, таңғалдырмай тұр.

Елордамен арасын жақындататын жолы болмақ, сол жолдың нашарлығы – талайдың сапарын тұсаулаған үлкен кедергі. Бұрындары еліміздің шығысы – Семеймен, мына жағы Балқашпен байланы-

сып жататын күре жолды жүрдек темір жолға айналдырғанда кім біледі, тұралаған туризмге жан бігер ме еді?! Тек барыс-келіс емес, соқыр ішектей сырттап қалған Қарқаралының халқы үшін де екінші тыныс ашылар еді.

Атағы алты алашқа тарап кеткен Қарқаралыны бір күнде түгел аралау мүмкін емес. Алайда алған әсерімізді ортаға салғанда, қазақтың көптеген қалаларына тән ортақ кемшілікті байқаймыз. Ол – жергілікті мекеннің көне тарихпен байланысын әспеттей алмағанымыз, ол – қазақтың ұлы тарихына қосатын салмағын таразылап, өз биігіне көтеру. Өкінішке қарай, жершілдік, рулық деген ұғым сананы тарылта түседі. Әрине, мұның қарқаралықтарға қатысы аз.

Қазақта «Жақсы әкенің атағы жаман баланы қырық жыл сүйрейді» немесе «Жақсы әке – жаман балаға қырық жыл азық» дейді. Бәлкім, мұндай сөз қалаларға қарай айтылмайтын болар. Дегенмен қаланың көрнекі жерлерін аралап жүріп, әр қадам басқан сайын осы сөз ойымнан кетпей қойды. Рас, Қарқаралыға келген қазақ өзінің өткен тарихын аңсап келеді. Қарқаралыға келген адам алдымен Мәдімен мұңдасады, Қасыммен сырласады. «Атыңнан айналайын, Қарқаралы» деп ежелгі туысындай құшағына

еніп, еркелегісі келіп тұрады. Осы бір базары тарқамаған жерден байлығының арқасында алшаң басқан Алшынбайдың, жақсымен құда болған Құнанбайдың, халқына әділ болған Құспек төренің, қыз бен жігіт болып Ұлбикемен айтысқан Күдеріқожаның ізін іздейді. Солардың тарихына тағы бір үңілгіміз келеді. Одан басқа, Қарқаралы дуан болып тұрғанда осы өңірде саудасын жасап, қазақтың алдына шыққан татар көпестердің жинаған байлығын көргіміз келеді. Әдеттегідей, өлкетану мұражайы бұл тарихтың үстінен желдіртіп қана шығады. Осындайда елді елге таныстырудың басқа формасы жоқ па деп ойлайсың. Өткенінің жақсы аты әрі дүркіреп тұр. Оны одан әрі аспандатып әкететін амал керек.

Өлкетану музейінде бір өзіне бүтін бір залды арнаған осы жердің ұланы Тоқтар Әубәкіровтің өмір дерегіне қанып тұрып қарнымыз ашқанын несіне жасырайық. Қарқаралының жолын неге жақсартып, елдің сауабын алмаған-ай деген ой келді.

Бұл таудың да етегі ен тоғай демекші, жаздағы демалыста оқушыларға арналған лагерлер баршылық. Елордада үйге сыймай отырған оқушыларды Қарқаралыға апарудың амалын таппаған бас қаламыздың туризм саласы



қызметкерлері немен айналысып жүргенін кім білсін?!

Айтатыны жоқ, Арқаға тән мәдениеттің нысаны сайрап жатыр. Адамдармен сөйлескенде де осы бір қасиетті топырақтың өркеніетінен хабар беріп тұрғандай. Қарқаралының бергі тарихына салсақ, Қарқаралы сыртқы округі (Қарқаралы дуаны) болған 1824 жылдан бастасақ, екі жылдан соң екі ғасыр толады екен. Бұл да қаланың өткен жолы. Сол кезден қалған мимараттар қаланың сәнін келтіріп тұр. Кеңес кезіндегі көркем безендірілген үйлердің қасбеті бүгінде тарихқа айналғандай. Қаланың ендігі бір кереметі келісті ескерткіштері болар. Қалаға кіреберістегі Қарқабат анаға, тау-тасты ара-

лап келе жатқан Мәдиге, бала Абайды нағашы жұртына алып келген Құнанбай ескерткіші, жолдың айырығында сұхбаттасып отырған үш арысқа қойған мүсіндерден мін таппайсың. Астанамыздағы олпы-солпы жасалған ескерткіштер еске түсіп, ұяласын.

Геральдика орталығының, осындай сапарларға бастамашы болып жүрген «Тұғырыл хан – Оң хан» корпоративтік қорының белсене кірісіп, осы елдің, жердің насихатшысы болып, еліміздің келбетін көркейтер белгілерді тас бедерінен, тарих үйінділерінің астынан іздейік дегені де көңілге қонады.

Отарлық сананың тар құрсауынан асып, тарихымыздың екі

ғасырдың ширегінен емес, алыс дәуірден таратып, сол жерде жаратылғанымызға қайта сүйінбеске. Үйілген тастар қатар-қатар жатқан (бәлкім, астында «алтын адам» бар болар) ескі қорымдарды зерттеп, ғылыми айналымға қосып, өткенді кім жаңғыртады? Көне сақ, ғұн тайпаларының белгісі де осында.

Жол бастап апарған Геральдикалық зерттеулер орталығының директоры Асылбек Байжұмаұлы: «Бұл экспедицияның мақсаты – Мемлекеттік рәміздер мен геральдикалық белгілерді насихаттап, журналистер мен ғалымдардың қазақ геральдикуасының ертеден басталатын аргы-бергі тарихын зерттеу» дейді.



## ЗЕЙІНДІ ЗЕЙНЕТКЕР

Қазақта «жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» дейтін аталы сөз бар. Сондай жақсы сөзге жарайтын жандардың бірі Нұр-Сұлтан қаласының тұрғыны Болат Жанатайұлы Темірбаев десек артық айтқанымыз емес.

Зейінді зейнеткер, бұрын Ресейде тұрған, барлық еңбек жолын ауыл шаруашылығына арнаған Болат Жанатайұлы құрметті еңбек демалысына шыққан соң атамекенге оралуға шешім қабылдап, Қазақстан елордасында тұрып жатқан балаларының жанына келді. Негізгі жұмысымен қатар қоғамдық шараларға белсене араласатын зейнеткер елордаға келген соң да дамыл тауып отыра алмады. Республикалық Ардагерлер кеңесіне барып, жергілікті ардагерлермен араласып, қоғамдық шараларға қатысып жүреді. Содан ұйым басшылығы белсенді зейнеткерді Ақмола облысының Целиноград аудандық Ардагерлер кеңесінің төрағасы болуға ұсыныс білдіреді. Міне, сол 2014 жылдан бері Болат Жанатайұлы елорда мен аудан ардагерлері, зейнеткерлерінің ыстық ілтипатына бөленіп жүр.



Республикалық және елордалық ұйымдардың белсенділерімен бірлесіп, Ұлы Отан соғысына қатысқан ақмолалық жауынгерлердің есімін анықтауға көп еңбек сіңірді. Екі мәрте Кеңес Одағының Батыры атағын алған Талғат Бигелдиновтің атын мәңгілікке қалдыру үшін Нұр-Сұлтан қаласындағы №1 мектеп-лицейге батырдың есімін бергізуге атсалысты. Сондай-ақ Нұр-Сұлтан қаласының іргесіндегі Талғат Бигелдиновтің кіндік қаны тамған Қызылсуат ауылындағы мектепке де батырдың атын беру жөнінде бастама көтеріп, бұл мақсатына да жетті.

Рейхстагқа ту тіккен Рақымжан Қошқарбаев жайлы да көп мәлімет жинады. Аудан көлемінде жүргізілетін тазалық жұмыстарына мейлінше көңіл бөлді. Ағаш өсіру бастамасын қолдап, өзі бастап осы

жұмысқа жастардың қатысуына ықпал етті. Зейнеткерлерге, жалғызділікті аналарға аса көңіл бөліп, олардың әлеуметтік мәселелерін жеңілдетуге байланысты жұмыстарды жүргізуге ұйытқы бола береді. Қосшы қаласындағы №1 мектепке Халық қаһарманы Рақымжан Қошқарбаевтың есімін бергізуге еңбек сіңірді. Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне арналған ескерткішті абаттандыруды ұйымдастырды. 2021 жылы 30 сәуірде батырдың Рейхстагқа тіккен туын халық алдына шығарып көрсетті. Бұл туды Ресей жерінен әкелуге өзі атсалысқан болатын. Зейнеткерлер, мүгедектер, көпбалалы аналардың қала маңындағы автокөліктерде, сондай-ақ мәдениетті іс-шараларға тегін қатысуына көмектесті.

2017 жылы соғыста хабарсыз кеткен Б.Тәжібаевтың мүрдесін туған жері Жалғызқұдық ауылына әкеліп, жерлеуге атсалысты. Қазір де ресейлік әскери архив мекемелерімен тікелей байланысып, хабарсыз кеткен 300 мыңнан астам жауынгерді іздеу жұмысын жүргізуде.

Қажымұқан Мұңайтпасовтың 150 жылдық мерейтойында атақты балуанның анасының басына тас көтеріп, естелік қалдырды. Қазақ жерінің тұтастығын сақтап қалған Жұмабек Тәшеновтің есімін мәңгі халықтың есінде қалдыру үшін талмай еңбектенді, құжаттарын іздестірді. Көпшілікпен жүргізілген сондай жұмыстардың нәтижесінде Нұр-Сұлтан қаласындағы №10 мектепке Жұмабек Тәшенов есімі берілді, кейіннен ескерткіші бой көтерді.

Зейнеткерлердің рухани байлығын көбейтуге көмектесті. Астана қаласы зейнеткерлеріне мәдени орталықтарға шақыру билетін таратып, іс-шаралар жүргізді. Сонымен қатар 2019 жылдан бастап «Замандастар» хорын құруға бастамашы болып, бүгінгі таңда бұл өнер ұжымы республикалық және елордада өтіп тұратын мәдени іс-шараларға тұрақты қатысады. Кезінде еңбегімен еленген зейнеткерлерді түрлі мемлекеттік және қоғамдық наградаларға ұсынып, олардың мерейін өсіруге белсенді көмектесті.

Болат Жанатайұлы өзі де марапаттан кенде болған жоқ. Кеудесінде жарқыраған «Еңбек ардагері», «Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігіне 30 жыл», «Рақымжан Қошқарбаев атындағы медаль», «Алтын қыран» медальдары және басқа да наградалары сол есімі еңбегі мен қоғамдық өмірдегі жетістігін айқындайды.

**Жақсылық ӨТЕШЕВ,**  
Ардагерлер кеңесі  
төрақасының мүшесі

## 28 МЫҢ ЖҰМЫС ОРНЫ АШЫЛАДЫ

Нұр-Сұлтан қаласының Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы басшысының орынбасары Ерлан Жүсіпов ағымдағы жылдың бірінші жартыжылдығында атқарылған басқа да жұмыстар туралы мәлімет берді.

Жалпы елордада осы жылдың 1 шілдесіндегі мәліметтерге сәйкес, 5584 адам жұмыспен қамтылды. Жұмыспен қамтылғандардың жартысынан астамы, атап айтқанда, тұрақты жұмыс орындарына 2804 адам орналасты, оның 1120-сы – жастар. Тағы 2046 адам қоғамдық жұмыстарға, 270-і – жастар практикасына, 128-і – әлеуметтік жұмыс орындарына, 39-ы – «Алғашқы жұмыс орны» жобасы бойынша, 10-ы «Күміс жас» жобасы бойынша жұмысқа орналасты. Жұмыс берушілердің сұранысы бойынша қысқа мерзімді курстардан 129 елорда тұрғыны өтіп жатыр, skills.enbek.kz порталы арқылы онлайн-оқыту 232 адамға арналды.

Жаңа бизнес-идеяларды іске асыру үшін 5 адам мемлекеттік грантты жеңіп алды. Сонымен

қатар қалада мүмкіндігі шектеулі азаматтар үшін арнайы жұмыс орындары ұйымдастырылды. – Жыл соңына дейін 28000 жұмыс орнын, оның ішінде 17000-ы – тұрақты, 11000-ы – уақытша жұмыс орнын (Ұлттық жобаларды іске асыру аясында – 14180, жеке бастамалар аясында – 14098) құру жоспарлануы отыр. 1 шілдедегі жағдай бойынша 12390 жұмыс орны құрылды. Enbek.kz порталында жұмыс істеп тұрған 7 мыңнан астам бос жұмыс орнын 1000-ға жуық жұмыс беруші жариялады, – деді Е.Жүсіпов.

Бүгінде Ұлттық статистика бюросының деректеріне сәйкес, 2022 жылдың I тоқсанының қорытындысы бойынша елордада жұмыссыздық деңгейі 4,6%-ды құрайды, бұл республикалық көрсеткіштен 0,3%-ға төмен (ҚР бойынша – 4,9%).



«Қазіргі таңда халықты жұмыспен қамту орталығында тіркелген жұмыссыздар саны 4873 адамды құрайды, оның ішінде жастар саны – 1249. Сол сияқты 2 мыңнан астам адам (2147) жұмысынан айырылуы бойынша әлеуметтік төлемдерді алушылар болып саналады және 2247 адам жұмыспен қамтудың белсенді шараларына қатысады. Жұмыс іздеп жүрген тағы 479 адам бар» деді басқарма басшысының орынбасары.

Ерлан Жүсіпов елордалық жастарды, нақтырақ айтқан-

да, елорданың жоғары оқу орындары мен колледждерінің түлектерін «Жастар практикасы», «Алғашқы жұмыс орны», «Ұрпақтар келісімшарты» жобаларына белсенді қатысуға шақырды. Айтқанына, бұл – тәжірибе жинауға, ресми еңбек өтілін алуға және өзінің бәсекеге қабілеттілігін дәлелдеуге тамаша мүмкіндік. Осыған дейінгі тәжірибе көрсеткеніндей, аталмыш жобаларға қатысқаннан кейін өз қабілетін көрсеткен жастардың көпшілігі тұрақты орындарға жұмысқа орналасады.

таралса, болған жағдай туралы дереу өрт сөндіру авариялық-құтқару қызметіне «101» телефоны бойынша хабарлаңыз және өрт болған жерден мүмкіндігінше тез кетуге тырысыңыз, бұл ретте өрт болған жерден автомобиль жолдарына, теміржол магистральдарына, өзендерге қарай алыстаған жөн – осылайша сіз қауіпсіз қашықтықта бола аласыз. Шөп өрті сөндіру үшін келесі әдістерді қолданыңыз:

- шыбықтардың байламдарымен (сыпырғыш түрінде) немесе жас жапырақты ағаштармен өрттің шетінен соғу – орташа қарқынды өртті сөндірудің ең қарапайым және тиімді әдісі;
- өрттің жиегін топырақпен немесе құммен лақтыру.

**А.ЕРЕЖЕПОВ,**  
Нұр-Сұлтан қаласы  
Төтенше жағдайлар  
департаменті Алматы ауданы  
ТЖБ бас маманы

## ӨРТ – ТІЛСІЗ ЖАУ

Шөп өртінің болуы көбінесе бұзақылық немесе қарапайым абайсыздық (қараусыз қалған от, тас-талқан темекі қалдығы, мотоцикл және автокөліктің сөндіргішінен ұшқан және т. б.), табиғи себептермен (найзағайдан) пайда болады. Әдетте, республикада жазғы кезеңде құрғақ шөптер мен бұталарды өртеуге, қоқысты жағуға байланысты өрттің саны артады. Жанудың нәтижесінде өрт барлық бағыт бойынша тез таралады, бұл тұрғын үйлердің, ферма ғимараттарының жойылуына, адам өліміне, экожүйенің бұзылуына әкеледі. Жазғы өрт орман шаруашылығына үлкен зиян келтіреді. Тұрақты құрғақ ауа райында құрғақ шөпті жанудың қауіптілігі кішігірім өрттен ғимарат, аула, азаматтардың жеке көлігі жануы мүмкін. Көктем-жазда өрт қауіпті кезеңде бұталардың құрғақ шөп-

терін күйдіруге тыйым салынады.

Келесі ұсыныстарды сақтау қажет:

- қоғамдық және өндірістік объектілер таза ұсталып, құрғақ шөптерден, жапырақтардан және қоқыстардан үнемі тазартылуы тиіс;
- жазғы уақытта қоғамдық және өндірістік объектілердің аумағында шөп шабылып, аумақтан шікі түрде шығарылуы тиіс;
- қоғамдық, өндірістік объектілердің аумағында, саяжай құрылыстары мен жеке үй иеліктерінің жанында от жағуға жол берілмейді;
- сөндірілмеген темекі, сіріңкелерді, жанып жатқан заттарды бос жерлерге тастауға тыйым салынады.

Құрғақ өсімдіктердің жануы анықталған жағдайда отты өзіңіз сөндіруге тырысыңыз. Егер өрт ошағын өз бетінше жою мүмкін болмаса немесе жалын айтарлықтай алаңға

«AMANAT» партиясы Нұр-Сұлтан қалалық филиалының атқарушы хатшысы Берік Жакенов «Жастар рухының» кезектен тыс VI съезіне қатысқан делегаттармен кездесті.

## ЖАСТАРДЫҢ ТЫҢ БАСТАМАЛАРЫ МЕН ОЗЫҚ ИДЕЯЛАРЫ



Биыл 19 шілдеде партияның елордалық филиалында өткен кездесуде әдемі әңгіме өрбіп, жаңашыл бастамалар көтерілді. Кездесу барысында Берік Жакенов, ең алдымен, ұйымның жаңа атауымен құттықтап, съезд делегаттарымен еркін форматта әңгіме құрды.

Жастар бүгінде маңызды болып тұрған тайм-менеджмент және PR салалары бойынша алған шеберлік сабақтары туралы, сонымен қатар партия төрағасы Ерлан Қошанов, ҚР Президенті Әкімшілігі Бас Балаева, Премьер-министрдің орынбасары Ералы Тоғжанов сынды белді тұлғалардың сөздерінен алған әсерімен бөлісе кетті.

Ойталқыда жастар ақпараттық толқынның қарқынды дамып келе жатқанын, сондықтан ақпараттық кеңістікте өз ойын ортаға салуға, блогинг саласын дамытуға көңіл бөліп жатқанын жеткізді.

Жастар жаңашыл жобаларды қолға алу керек екенін, әр өңірдің басқа аймақтан аяр жобалары бар екенін атап өтіп, ойларын ортаға салды. Кездесуде партияның қоғамда алатын рөлі де қозғалды.

«Саяси партия тұрақтылық пен бірліктің, бақытты да бейбіт өмірдің кепілі әрі оған жауапты. Біз көзі ашық, көкірегі ояу, ел ертеңі үшін маңызды қадамға бара алатын, ел игілігі жолында тың идея ұсына алатын азаматтарға, жастарға әрқашан ашықпыз. Жастармен тұрақты түрде осындай басқосу өткізуді әдетке айналдыруға келістік. Қаламыздағы отыз алты мың партияластардың жиырма бес пайызы – жастар. Біз үшін ел қамын ойлайтын,

отаншыл азаматтарды тәрбиелеу, партияның оқып-үйрету мектебінен тәлім алғызып, елдің пайдасына қызмет ететін азаматтарды тәрбиелеу – парыз.

NEET санатындағы, яғни жастар арасындағы масыл топтардағы азаматтармен біз мүмкіндігінше жүйелі жұмыс жасаудың жолын қарастырып отырмыз. Еңбек еткен адамның қашан да еңсесі биік, әрі қашан да қоғамдағы құрметі бөлек. Ұлы Абай айтқандай: «Бірінді, қазақ, бірін дос көрмесең, істің бәрі бос» демекші, жастардың қоғамда жалғыз емес екенін біз де сезіндіре білуіміз керек.

Кешегі қасіретті қаңтар оқиғасында алаңға кімдер шықты, ең алдымен, әлеуметтік жағдай төмен жастар шықты. Олардың бәрі – біз үшін бауыр еті балаларымыз, іні-қарындасымыз. Сондықтан осы санаттағы жастарды әлеуметтендіру, жұмыссыздық деңгейін төмендету – маңызды шара» деп атап өтті Берік Оралұлы.

Өз кезегінде ойталқыда елордалық филиал алаңын кеңейту, қоғамдық бірлестік бақылаушы немесе орындаушы орган ретінде емес, конструктивті алаң ретінде, шығармашыл жастарды біріктіретін, ел дамуына атсалыса алатын ұйым ретінде одан әрі дамыту керектігі айтылды.

Кездесу соңында: «Елді алға бастайтын сіздерсіздер, сіздерден бастап бастама мен озық идея күтеді. Әділетті Жаңа Қазақстанды құру бүгінгі жастардан басталады. Әділетті Жаңа Қазақстан – ертеңгі жастардікі» деді атқарушы хатшы.

**Баян АСЫЛБЕКОВА**

### ХАБАРЛАНДЫРУ

«MORROW Invest» ЖШС «Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Тұран даңғылы мен Бұқар жырау көшесінің қиылысы мекенжайы бойынша коммерциялық үй-жайлары мен автотұрағы бар көп функционалды кешен (сыртқы инженерлік желілерсіз және абаттандырылған). 3, 4-кезектері» жобасына көпшілік талқылау арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

Қоғамдық талқылау 01.08.2022 ж. мен 22.08.2022 ж. аралығында «Бірыңғай экологиялық портал» сайтында (<https://ecportal.kz>) өтеді және онда жобалық құжаттама пакеті орналастырылған, ескертулер мен ұсыныстар қабылданады.

«AMANAT» партиясы Нұр-Сұлтан қалалық филиалының ұжымы партия белсендісі, «AMANAT» партиясы қалалық филиалы Саяси кеңесінің мүшесі Мадина Берікболқызы Ажикеноваға асқар тауы әкесінің дүниеден мезгілсіз өтуіне байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады. Адамзат үшін ата-анадан қымбат жан жоқ. Сізге және отбасыңызға сабыр тілейміз. Марқұмның жаны жәннатта болсын.

Нұр-Сұлтан қаласы Қоғамдық кеңесінің мүшесі, «Бөбек-Медина» ЖШС құрылтайшысы Мадина Берікболқызы Ажикеноваға әкесі **Берікбол Мұратұлы Ажикеновтің** өмірден өтуіне байланысты Нұр-Сұлтан қаласының мәслихаты орны толмас ауыр қайғыға ортақтаса отырып, көңіл айтады. Сіз үшін осы қайғылы күндері шынайы қолдау сөздерін қабыл алыңыз.

Нұр-Сұлтан қаласының Қоғамдық кеңесі Қоғамдық кеңестің мүшесі Мадина Берікболқызы Ажикеноваға әкесі **Берікбол Мұратұлы Ажикеновтің** мезгілсіз орны толмайтын қазаға ұшырауына байланысты қайғырып, көңіл айтады.





## КҮТУМЕН ӨТКЕН ӨМІР ӨКІНДІРМЕСІН

Біз бәріміз бірдеңені күтеміз. Сөйтіп өмір өте береді. Күткенімізді Жаратушы немесе белгілі бір пенде бере салады деп ойлап, еш әрекеттенбей отырсақ, уақыт өткізіп аламыз. Кейін өкініштен өзегіміз өртенуі мүмкін. Музыкалық жас көрермен театрының эксперименталды сахнасында премьерасы өткен «Go Do» комедиялық абсурды бізді осындай ойға жетелейді. Қойылымның авторы – Ирландия мен Франция елдеріне ортақ ақын, драматург Сэмюэль Беккет. Шығарманы қазақ тіліне аударған – көрнекті қаламгер, Мемлекеттік сыйлық пен халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері Қалихан Ысқақ, ал қоюшы режиссер – Мекан Жұмабаев.

**Аманғали  
ҚАЛЖАНОВ**

Аталмыш театр директоры, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Асхат Маемировтың айтуынша, осы спектакль өткен ғасырдың елуінші жылдары жаңа драматургияны бастады. Әу баста да «Годоны» сахналауға еш режиссердің жүрегі дауаламапты, сондықтан Сэмюэль Беккет өзі қойды. Оның себебі – бұл көрерменнің қабылдауына ауыр қойылым. Оны көрген әр адам да өзінше түсінеді. Асхат Максимұлы астаналық театрда спектакльдің көрермендері де көп болмайды деп пайымдайды. Қалай дегенмен де Мекан Жұмабаевты қызықтырған қойылымға елордалық өнер ошағы орын берді. Ал бұдан бұрын осы режиссер дәл бұл қойылымды І.Омаров атындағы Қостанай облыстық қазақ драма театрында сахналады.

Спектакльде көп кейіпкер жоқ. Жалғыз талдың жанында

Годоны күтетін Эстрагон (актер Алтынбек Аманқұлов) және оның серігі Владимир (Қазбек Есқара), оларға ойда жоқта жолығып қалатын Поццо (Расул Усманов), Поццонның қызметшісі Лакки (Бибол Байғараев) және қойылымның соңында ғана көрінетін бала (Нұрай Рысбекова).

Арасында үзілісі бар екі актілі спектакльге, әдеттегідей, актерлердің қос құрамы қатысады. Біз жоғарыда аттары аталған әртістердің сомдауында тамашаладық. А спектакльдің негізгі айтар ойы, біздіңше,



уақытты бағалау, өмір сүру үшін әрекет ету. Эстрагон мен Владимирде осының нышаны да байқалмайды. Олар күткен Годо келмесе, өздеріне қол салуға даяр тұрады. Ал Годо кім? Бұл спектакльде ашылмай, жұмбақ күйінде қалады.

Қойылым адамгершілік қасиет туралы да ойлантанды. Мәселен, Эстрагонның бойынан адам сүйерлік қасиетті байқамадық. Ол – шошақайлау, ит сияқты сүйек тастаған адамға қызмет етуге дайын кейіпкер. Қайта Владимирдің бойынан ізгілік жоғалмаған екен. Ол құлаған адамға көмектесуден тартынбайды, жаманшылықты естігенде жаны түршігеді. Ал Поццо байлығына мастанған қазіргі байлардың бейнесін көз алдымызға келтірді. Лаккидің бейнесі интеллектуалдардың жолы ауыр болатынын, олардың байларға қызмет етуге мәжбүр екенін аңғартады.

## ЕЛОРДАЛЫҚ БАЛУАН – АЗИЯ ЧЕМПИОНЫ

Таиланд астанасында дзюдодан өткен жасөспірімдер арасындағы Азия біріншілігінде Нұр-Сұлтан қаласының спортшысы Ерболат Сыздық чемпион атанды.



Төрт күнге созылған құрлық чемпионатына Қазақстаннан 20 спортшы қатысып, бақ сынады. Жарыс қорытындысында қазақстандық жасөспірімдер төрт алтын, үш күміс және алты қола медаль жеңіп алды.

Ал 50 келі салмақ дәрежесінде өнер көрсеткен елордалық Ерболат Сыздық барлық қарсыласынан айналасын асыра білді. Жас балуан жарыстың екінші күнінде алдына жан салмады. Ол бұған дейін де дзюдодан ел чемпионаттары мен әлемдік жарыстарда жүлдегер атанып, елордамыздың мерейін асырған болатын.

## «АСТАНА» ОЙСЫРАЙ ҰТЫЛДЫ

Бейсенбі күні түнде УЕФА аясындағы конференция кубогының екінші кезеңі ойындары өтті.



Қалың көрермен үміт артқан «Астана» командасы Польшада өткен ойында оңбай сүрінді. Атап айтқанда, жергілікті «Ракув» командасына қарсы өткізген матчта 5:0 есебі тіркелді. Біздің футболшылар бір доп қарымта қайтаруға жарамай қалды.

Сондай-ақ Алматының «Қайраты» өз алаңында Венгрияның «Кшиварда»

деген ортанқол командасына 0:1 есебімен есе жіберіп қойды.

Ал Қостанай қаласында Гибралтар аралының «Линкольн Ред Импе» командасын қабылдаған «Тобыл» қонақтар қақпасына жауапсыз екі гол соғып, жеңіске жетті.

Қарымта ойындар 26 және 28 шілде күндері өтеді.

## ЖАРАЙСЫҢ, ЖЕЛАЯҚ ЖЕРУТА!


Америкада өтіп жатқан әлем чемпионатында Қазақстан құрамасының спортшысы Нора Жерута 3000 метрге кедергілер арқылы жүгіруде 8:53,03 уақыт көрсеткішімен әлем рекордын жаңартып, дүние жүзінің чемпионы атанды.

**Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

Нора Жерута 1995 жылы Кенияның Койтабек округында фермер отбасында дүниеге келген. 2017 жылдан бері Өскемен қаласының «Алтай Атлетикс» клубында жаттыққан. 2018 жылы Қазақстан азаматтығын алуға өтініш білдіріп, тиісті ережелерге сәйкес, азаматтық алды. 2022 жылы сәуірде жеңіл атлетикадан

Қазақстан ұлттық құрамасына қабылданды.

Әлем чемпионатындағы жеңісі үшін Нора Жерутаға, Қазақстан Үкіметінің 2020 жылғы 27 наурыздағы №152 қаулысына сәйкес, 15 мың доллар немесе 7 млн 204 мың 350 теңге көлемінде ақшалай ынталандыру сыйлығы беріледі.



## ҚОРЖЫНДА – ҚОС АЛТЫН

Қазақстанның жасөспірім ауыр атлеттері Ташкентте өтіп жатқан Азия чемпионатында екінші алтын медальді жеңіп алды.

67 келі салмақта сынға түскен Әлішер Байбұров 17 жасқа дейінгілер арасында чемпион атанды. Ол серпе көтеруде үш мүмкіндіктің екеуін сәтті пайдаланып, сайысты 134 келімен қорытындылады. Ал жұлқа көтеруде 155 келі зілтемірді еңсеріп, қосайыс қорытындысында алтын медаль иегері атанды.

Осыған дейін Қазақстан құрамасының қоржынына алғашқы алтынды 17 жасқа дейінгі жасөспірімдер арасында 73 келіде сынға түскен Едіге Емберді түсірген болатын. Сондай-ақ ол серпе көтеруде және қосайыс қорытындысы бойынша жастар арасындағы Азия рекордын жаңартқан еді.

